

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D060700, 8D05101- Биология», «6D061300, 8D05108 - Геоботаника», «6D070100, 8D05105 - Биотехнология» мамандықтары (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңесі

Есепте мынадай мәліметтер бар:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: 3
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 12 адам, олардың ішінде 6 адам (50%) диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері және 6 адам (50%) докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалды.

Диссертациялық кеңестің төрағасы, профессор Бисенбаев А.К. денсаулық жағдайына байланысты кеңестің 1 отырысына қатыспады.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Докторанттардың ТАӘ	Ғылыми жетекшілері	Докторант оқыған, ЖОО
1	Айтжанова Аида Асылбекқызы	Бержанова Рамза Жаинабекқызы – биология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан); Джером Мунье – PhD, Батыс Бретань университетінің профессоры (Брест қ., Франция).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
2	Шокатаева Дина Хабдулманатовна	Савицкая Ирина Станиславовна – биология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан); Дигель Илья – Аахен қолданбалы ғылымдар университетінің профессоры, Жасушалық биология және микробиология зертханасының меңгерушісі, биоинженерия институтының директоры (Юлих, Германия).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
3	Рахметуллина Айжан Казиевна	Иващенко Анатолий Тимофеевич – биология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

		<p>атындағы ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан);</p> <p>Зеленкевич Петр – PhD, профессор, Биохимия және биофизика институты, Польша ғылым академиясы (Варшава қ., Польша).</p>	
--	--	---	--

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Айтжанова Аида Асылбекқызы – диссертациялық жұмысында микроорганизмдердің антагонистік белсенді штамдары бөлініп алынды, консорциумдар құрылды, олардың антагонизмі, асқазан-ішек жолдарының қызметі және қалыпты флораны ынталандыратын белсенділік күшейтілді, Сосо-2 ішек клеткаларының дақылында іріктелген консорциумдардың тиімділігі расталды. Іріктелген микроорганизмдерді қолдана отырып, сүт сарысуы негізінде сусындар жасалды. Өзірленген сусындардың бірін өндіріске енгізу басталды.

Шокатаева Дина Хабдулманатовна - диссертациялық жұмыс әдістемелік принциптерді негіздеуге және олардың негізінде антимиқробтық, жараларды емдейтін, пробиотикалық қасиеттерге ие бактериялық целлюлоза негізінде биокомпозиттік материалдарды алу технологиясын жасауға және олардың тиімділігін зертханалық растауға арналған.

Рахметуллина Айжан Казиевна - miRNA-ның ауылшаруашылық өсімдіктерінің транскрипция факторлары гендерінің mRNA-мен өзара әрекеттесуінің сандық сипаттамаларын анықтауға арналған.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

А.А. Айтжанованың диссертациялық жұмысы диссертациялық жұмыс № AP05132352 «Сүт сарысуының негізінде саңырауқұлаққа қарсы және антибактериалдық әсері бар синбиотикалық функционалды сусындарды жасау» жоба аясында орындалды.

Д.Х. Шокатаеваның диссертациялық жұмысы 2679/ГФ4 "Трансдермальді терапиялық жүйелерді құру үшін бактериялық целлюлоза

негізінде биокомпозициялық материалдарды әзірлеу" жобасы аясында орындалды.

А.К. Рахметуллинаның диссертациялық жұмысы № AP05132460 «miRNA мен олардың нысана гендері ассоциациялары негізінде жүрек-қан тамырлары, онкологиялық және нейродегенеративті ауруларды ерте диагностикалаудың тестілік жүйелерін құру» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің жобасы аясында жүргізілді (2018-2020).

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

А.А. Айтжанованың диссертациялық жұмысы нәтижелерінің практикалық қызметке енгізілуі. Сүт сарысуын пайдалану оның ағынды суларға төгілуіне жол бермейді. Сүт өңдеу кәсіпорындарының шығынын төмендетеді, қосымша табыс әкеледі. Халықтың денсаулық деңгейін арттырады, дәрілік заттарға, оның ішінде импортталатын дәрілік заттарға шығыстарды қысқартады.

Д.Х. Шокатаеваның докторлық диссертациясының нәтижесі қант өндірісінің қалдықтарына негізделген оңтайландырылған қоректік орта – меласса, *Komagataeibacter xulinus* C-3 штаммы және оны өсірудің технологиялық шарттары БЦ өнеркәсіптік өндірісі үшін пайдаланылуы мүмкін.

Хитозан жасушаларымен және/немесе *Bacillus* экзометаболиттерімен сіндірілген БЦ гель жаралары жаңа сорбциялық таңғыштың элементтері ретінде қолданыла алады.

БЦ/BS пробиотикалық микрогранулаларды тоқ ішектің микробиоценозын түзету үшін пайдалануға болады.

А.К. Рахметуллинаның докторлық диссертациясының нәтижесі TCP, MYB, GRAS, ERF, C2H2 тұқымдастарының TF-лары үшін miRNA өсімдіктер ассоциацияларын және олардың нысана гендерін құру, miRNA мен ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің нысана гендері арасындағы байланысты іздеу, эксперименттік зертханада miRNA мен mRNA ассоциациясын табумен салыстырғанда, уақыт пен материалдық шығындарды жүздеген мың есе азайтады. Зерттелген өсімдіктердегі miRNA мен TF нысана гендерінің анықталған ассоциациялары әр түрлі өсімдік түрлерінің көптеген пайдалы қасиеттерін жақсартуға, мақсатты түрлендіруге мүмкіндік береді. MirTarget бағдарламасы өсімдік және адам гендерінің mRNA-нда miRNA-ның байланысу сайттарын табуға, miRNA-ның нысана гендерінің mRNA-мен өзара әрекеттесуін сандық бағалауда сәтті қолданылды. Анықталған өсімдік miRNA-сы адам геніне әсер етуі және медицинада биологиялық белсенді қосылыстар ретінде қолданылуы мүмкін, өйткені олар адам ағзасына оңай енеді. 2021 жылғы 2 наурыздағы №15600 «MirTarSeq» авторлық куәлік алынды.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертацияның мазмұнын оқып зерделеу үшін және сыни пікір беруі үшін әрбір диссертацияға ресми түрде екі рецензент тағайындалды, олардың ғылыми дәрежелері ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, философия (PhD) докторлары болды және докторанттың зерттеу аумағындағы ғылыми мақалалары 5 (бесеуден) аз болмауы шарт екендігі ескерілді.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензент пен докторанттың, ғылыми кеңесшілерімен бір-біріне тәуелсіз болу принципі жетекшілікке ала отырып тағайындады.

Ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша түрде пікірлерін көрсетті, онда диссертацияның ғылымның даму бағытына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі, өзектілігі, жаңашылдық принциптеріне сәйкестілігі, автордың жеке үлесі, нақтылығы, ішкі бірлігі, практикалық маңызы, академиялық адалдылығы ескерілген және философия (PhD) докторы дәрежесін алу мүмкіншілігі қортындыланған. Ресми рецензенттердің берген пікірлерінің көшірмесі докторанттарға берілді және диссертацияны қорғау күні белгіленген күнге 5 (бес) жұмыс күні қалғанға дейін университеттің интернет ресурсына ілінді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

1. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Диссертациялық кеңесі туралы ереженің 3.13-тармағына және 3.14-тармағына өзгерістер енгізілсін. Диссертациялық кеңеске құжаттар келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері, диссертацияны қорғау күні белгіленсін және екі ресми рецензент тағайындалсын. Бұл ұсыныс докторанттардың ғылыми-зерттеу саласындағы мамандарды іздестіру нәтижесінде және әртүрлі университеттердің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдерін табу қосымша уақытты қажет ететіндігіне байланысты.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер:

№		Мамандық шифры мен атауы		
		6D060700 – Биология	6D070100 – Биотехнология	6D061300 – Геоботаника
1	Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	3	-

2	қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-
3	Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-
4	Қорғау нәтижелері бойынша философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру жөнінде оң шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	3	-
5	Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-
6	Пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-
7	Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____

Бисенбаев А.К.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____

Нармұратова М.Х.



Мөр Мерзімі 2021 жылғы " __ " _____